Бұл сөздердің жасалу жолдары араб тіліндегі сөздердің жасалуына ұқсамайды. Араб тіліндегі етістіктің өткен шағы, келер шағы, масдар түрлері өзара ажыратылады. Мәселен, етістіктің өткен шақ түріндегі бас әрпі «قَعَدَ» қағада: қағада» секілді фатхалы (ق — қ) болса, оның келер шақтағы түрі «يَجْعُدُ» жақуду: иақүдү» секілді келгенде «ق — қ» әрпі сүкүндік, масдары «قَعُودًا» қуғудан: қуғудан» сияқты келгенде «ق — қ» әрпі зәммалық болады. Өткен шақтағы етістігі «مَطَرَ» матара: матара» түрінде «م — м» әріптері фатхалық болса, келер шақта «يَمْتُرُ» ямтуру: иамтуру» секілді «م — м» сүкүндік, масдарында «مُتَرًا» мутуран: мутуран» секілді «م — м» әрпі зәммалық болады. «م — м» әрпі өткен шақ түрінде — фатхалық, келер шақта — сүкүндік, масдарда зәммалық болады.

Әріп қосылып жасалатын жасанды етістіктерге келсек, етістіктің өткен шағында «اَكْرَمَ» акарам: акарам» тәрізді әліп фатхалық болып келсе, оның келер шақтағы «يُكْرِمُ» жүкрім: иүкрім» түріндегідей «ي — и» зәммалық, масдарында «اِكْرَامًا» икраман: икраман» секілді әліп кесралық болып келеді. «يَسْتَفِرُّ» ястафара: истафара, «يَسْتَفِرُّ» ястафифу: истафифу; «اِسْتَفَارًا» истифаран: истифаран» сөздері де дәл сондай болып келеді. Өткен шақ түріндегі әліп кесралық болады.

Сонымен, араб тілінде етістіктердің барлығы бірдей өткен шақ, келер шақ, масдар түрлерінде бір-бірінен өзара ажыратылады. Өзара үйлеспейді. Түрік тілдерінде олай емес. Барлық етістік ортақ бір ережеге бағынады. Демек, екі, үш, төрт, бес, одан да көп әріптерден түзілетін етістіктер өткен шақ, келер шақ, масдар түрлерінде бір сипатты ережеге сәйкес жасалады.

Екіншіден, мұзоаф (әріптердің қайталануы) тек етістіктің өткен шақтағы түріне ғана тән, етістіктің келер шақ пен мас-

дар түрлерінде әріптердің қайталану (мүзоаф) сипаты болмайды.

Үшінші, іс-әрекетті білдіретін сипат (есімше - А.Е.) оғыз, қыпшақ, иемек, иағма, арғу мен суварлардан бешенектерге дейінгі көшпелілер тілінде өткен шақ етістігінен жасалады. Мәселен: «بردی bardy: барды» деген өткен шақ етістігінен істі істеушіні білдіретін, анықтайтын «بر دجی bardashi: бардашы - барушы» деген сипат түзіледі. Өткен шақ етістігін білдіретін «د — д» әрпі мен «ی — и» әрпінің арасына «ح — (ч)ш», әрпін қосу жолымен түзіледі. Сонда «барушы», «баратын» сипаты пайда болады. Сол секілді, «تُر دى turdy: тұрды» деген етістіктің өткен шақ түріне «د — д» әрпі мен «ی — ы» әрпінің арасына «ح — ш», «» әрпі қосылып, «تُر دجی turdashy: тұрдашы - тұрушы, тұратын» деген сипат жасалады. Бұл ереже барлық етістіктерге бірдей.

Ал, бұйрық райлы етістіктерге келсек, біз жоғарыда етістіктен жасалған сипаттар түрік тілдерінің басым көпшілігінде, шігілдердің, тағы басқалардың тілінде етістіктің бұйрық райынан түзілетіндігін айттық. Түрлі мақсаттар үшін етістіктерге қосылатын қосымшалар бұйрық райға жалғасады. Хұда қаласа, оларды төменде баяндап береміз.

Сонымен, өткен шақ етістігі барлық етістіктерге «دی dy/di — ды/ді» қосылып жасалады, бұдан еш танбайды. Тек қана, қатаң дыбысты «د — д», «ب — п», «ت — т», «ح — (ч)ш», «ر — к» секілді әріптерге қосылғанда «د — д» әрпі «ت — т» әрпіне алмасады. Мәселен: «تپتی tepti: тепті», «تتتی tutty: тұтты», «قاشتی qash-ty: қашты», «تے شکتی teve shökti: те́е шөкті - түйе шөкті» деген сөздер секілді. Сол сияқты «ق — қ» әрпі де осындағы «د — к» әрпі секілді қатаң дыбыстар қатарына қосылады. Мысалы: «ال منكا بقتی Ol maña baqty: Ол маңа бақты - Ол маған қарады» - деген секілді. Бұл мысалдарда алдыңғы әріптердің қатаң

дыбысты болуына байланысты «د — д» әрпі түсіндіргендегіміздей «ت — т» әрпіне айналған. Бұл негізінде «د — д» әрпі еді. Әйтсе де, аталған әріптермен қатар үндескенде «ت — т» әрпімен дыбыстау оңтайлырақ. Бұл ереже барлық баптардағы түбір етістіктердің, әріп қосылып туындатылған етістіктердің барлығына бірдей негізді.

Етістіктің келер шақ түрі барлық түрдегі етістіктерге «ر — р» әрпі қосылу жолымен жасалады. Әгәрәкім, сөз түбірі «ر — р» әрпімен аяқталып тұрса, оған тағы бір «ر — р» әрпі қосылып, қайталанады. Оның бірі - түбір сөздегі «ر — р» әрпі, екіншісі келер шақ етістігін жасаушы «ر — р» әрпі болады. Етістіктің келер шағын аңғартатын «ر — р» әрпі араб тіліндегі етістіктің келер шағын білдіретін әліп «ل — І», «ت — т», «ن — н», «ی — и» әріптері сияқты қызмет атқарады.

Егер, сөз түбірінде «ر — р» әрпі болмаса, етістіктің келер шағын жасау үшін бір «ر — р» әрпі қосылады.

Етістіктің келер шағы мен бұйрық райы мынадай қағида бойынша жасалады:

Етістіктің өткен шақтағы түрінде «د — д» әрпінің алдында «ر — р» әрпі болса, ол «ر — р» әрпі сақталады. Өткен шақ етістігінің қосымшасы «د — д» мен «ی — и» түсіп қалады да, түбірдегі «ر — р» әрпі харакатсыз сақталады. Бұл сөз түбіріндегі «ر — р». Осындай түрден етістіктің келер шақтағы түрін жасау үшін етістіктің түбіріне оның соңғы «ر — р» әрпінен басқа тағы бір «ر — р» әрпі қосылады. Егер, өткен шақ етістігі, не бұйрық райлы етістік «ر — р» әрпіне аяқталмаса, келер шақ етістігін жасау үшін «ر — р» әрпі қосылады. Мәселен: «بردی bag-dy: барды» деген етістіктің өткен шақ түрінде «دی -ды» қосымшасының алдында «ر — р» әрпі бар. Бұйрық райлы түрі «بر bag: бар», оны жасау үшін, қосымшаны алып тастағанда, түбірінде «ر — р» әрпі сақталып қалған. Бұл сөздің түбіріндегі «ر — р». Енді, келер шақ етістігін жасау үшін тағы бір «ر — р» әрпін қосып: «ال بریر Ol bagy: Ол барыр - Ол барар» дейді. Сол секілді,

өткен шақты білдіретін «*اَل تَرْدِي* Ol turdy: Ол тұрды» дегенде де, бұйрық сипатында «*تُر* tur: тұр» болады. Келер шақты білдіргенде: «*اَل يِقَارُو تَرُّ* Ol joqaru turur: Ол жоғару тұрур - Ол жоғары тұрар» болып шығады. Бұл етістікте екі «р — р» әрпі бар. Бірі - түбір сөздегі де, екіншісі етістіктің келер шағының қосымшасы. Оғыздар анық, ықшам айту үшін көптеген етістіктерден екі «р — р» әрпінің бірін түсіріп тастап, бұйрық райлы етістік сияктандырып бір «р — р» әрпімен айтады.

Бұл үйлесімді болмайды, әрі ережеге сәйкес келмейді.

Соңы «р — р» әрпімен аяқталмаған етістіктерді қарастырайық. Етістіктің өткен шағы «*كَلْدِي* keldi: келди-келді» сөзінен жасалатын етістіктің бұйрық райы: «*كَلْ kel: кел*». Ал, осының келер шақтағы түрі «*كَلِيرْ kclir: келир - келер*». «*كَلْدِي ارْ Kuldı er: Күлди ер - Адам күлді*» деген тіркестегі «*كَلْدِي* küldi: күлди - күлді» етістігі де сол сияқты. Келер шақтағысы: «*كُلِرْ Küler: күлер - күлер*». Бұл мысалдардағы етістіктің түбірінде «р — р» әрпі жоқ, келер шақ болу үшін «р — р» әрпі қосымшада қосылған. Түбірінде «р — р» әрпі болмаған етістіктер хақында оғыздар өзге түріктерге ұқсайды.

Бұл ереже үш, төрт және одан да көп әріптен құралатын етістіктердің барлығына ортақ, бірдей.

Бұдан кейін, енді мынаны білгін, түрік тілдеріндегі етістіктердің түзілуі араб тіліндегі етістіктердің түзілуіне ұқсайды.

Яғни, өткен шақ етістігі «*فَعَلِيَ* fə'la» секілді, келер шақ етістігі «*فَعِلْ* fəil» секілді, мәсдар «*فَعَلَانْ* fə'lən» секілді болып келеді.

Мысалы: «*بَرْدِي* bardı: барды» деген өткен шақ түріндегі етістік араб тіліндегі «*عَقَرِي*» мен «*حَلَمِي*» түріне ұқсас. «*بَرِيرْ* barır: барыр



- барар (барады)» деген келер шақ түрі араб тіліндегі «بَكْرٌ، رَجُلٌ، نَمْرٌ» түрлеріне сәйкес келеді. «بَرْمَاقٌ barmaq: бармақ» деген мәсдар түріндегі етістік араб тіліндегі «قَرَقَارٌ» мен «تَخْلُخَالٌ» түрлеріне ұқсас.

Бұл тілде түбір етістік болсын, қосымша қосылып жасалған туындама етістік болсын барлығы бірдей осы сипатта түзіледі.

Екі әріптен түзілген бір етістікті айтқанда толық, созып дауыстап (оқып) үш әріптілер қатарына қосуға да болады.

Мысалы: «بَرْدِي barđy: барды» дегендегіні «بَارْدِي baardy: баарды» деуге болады. Сол сияқты, «تُرْدِي turđy: түрды» дегенді «تُورْدِي tūrđy: түүрды» деуге де болады. Бұл жағдай тек қана өткен шақ түріндегі етістіктерде болуы мүмкін, ал келер шақ түріндегі, не түйық райлы түрдегі етістіктерде болмайды. Бұл түбір есімдерге түбірде жоқ «мәд» әріптері мен «лин» әріптерін қосқанға ұқсайды. (Демек, нақ бір есімдерге сөз түбірінде жоқ үнді дыбыстарды қосқанда, оларды созып, иә қысқартып айтқан тәрізді.) Мысалы: «يَغَاش yęaş: иығаш - ағаш» деп те айтуға, жазуға болады, «يَغَااش yęaaş: иығааш - ағаш» деп те айтуға да, жазуға да болады. «تَانُوقٌ tanuq: тануқ - куә» десе де, «تَانُوقٌ tanuuk: танүүқ - куә» десе де болады. Әйтсе де, есімдер мен етістіктерде сөздердің қысқа, ықшам әрі қанық, қатаң айтылғаны дұрыс та көркем шығады.

Мәсдар: бүкіл етістіктердің бәрінің мәсдары бір сипатта. Сөз өзегінде «ق — қ», не «غ — ғ» әріптері болса, яғни қатаң айтылатын сөздерде түбірге «مَاقٌ maq: мақ» қосылады; өзегінде «ك — к», не «ك — г» әрпі келген сөздерде, яғни жұмсақ, ұяң айтылатын сөздерде түбірге «مَاقٌ maq: мәк/мек» қосылады.

Өзегінде «ق — қ» әрпі келген сөздерге мысал: «قُرْدِي qurđy: ол»

ja қурды: Ол иа қурды - Ол садақ қурды» деген сөйлемдегі «قُرْدِي қурды: қурды» етістігінің келер шақтағы түрі «قُرَارٌ қураг: қурап», мәсдары «قُرْمَاقٌ қурмақ: қурмақ» болады. Бұл сөз түбірінде «ق — к» әрпі болғандықтан «مَاقٌ мақ: мақ» қосылып жасалған.

Өзегінде «غ — ғ» әрпі келген сөздерге мысал: «أَنْ سَوْتٌ سَعْدِي» Ol şyt saғды: Ол сүт сағды - Ол сүт сауды» деген тіркестегі «سَعْدِي saғды: сағды - сауды» етістігінің түбірінде «غ — ғ» болғандықтан, «مَاقٌ мақ: мақ» қосылып жасалған, «سَعْمَاقٌ сағар-сағмақ: сағар-сағмақ - сауар-саумақ»

Қатты дыбысталатын сөздерге мысал: «أَرْ بَرْدِي» Er барды: Ер барды» деген тіркестегі «بَرْدِي барды: барды» етістігінің келер шақтағы үлгісі мен мәсдары «بَرْمَاقٌ барыг-бармақ: барыр-бармақ» болады. «تُرْدِي турды: тұрды» етістігі де сондай, мұның келер шақ үлгісі мен мәсдары «تُرْمَاقٌ түруг-турмақ: түрүр-турмақ» болады. Яғни, сөз қатты айтылғанда, мәсдар «ق — к» әрпімен түзіледі.

Өзегінде «ك — к» әрпі келген сөздерге мысал: «كَلْدِي keldi: келді» етістігінің өзегінде «ك — к» әрпі болғанда келер шақ түрі мен мәсдары «كَلْمَاكٌ келір-келмек: Келір-келмек - Келер-келмек» болады. Ұяң «ك — г» әрпі бар сөздерде де қатаң «ك — к» әрпімен болған сөздерге ұқсас. Мысалы: «أَنْ مَنِي الْكُدِي» Ol meni өгді: Ол мені өгді - Ол мені мақтады» деген тіркестегі «الْكُدِي өгді: өгді - мақтады» етістігінің келер шақ үлгісі мен мәсдары «أَكْمَاكٌ өгәр-өгмек: өгәр-өгмек - мақтар-мақтамақ» бола-

ды. Сөздің түбірінде ұяң «ج — Ғ» әрпі болса да, мәсары «ج — к» әрпімен жасалады.

Жұмсақ айтылатын сөздерге мысал: «عَرَّ تَأَمَّ سَرَدِي» Er tekim sərđi: Ер тәлім сәрді - Ер көп шыдады» деген тіркестегі «سَرَدِي sərđi: сәрді - шыдады» жұмсақ айтылатындықтан, оның келер шақ үлгісі мен мәсары «سَرَر - سَرَمَاكْ sərer-sərmek: сәреп-сәрмек - шыдар-шыдамақ» болады. Мәсары «ج — к» әрпімен келген. Яғни, қатаң айтылатын сөздердің мәсары «ق — қ» әрпімен келгеніндей, жұмсақ айтылатын сөздердің мәсары «ج — к»

әрпімен келеді. Мысалы: «بَعَّ اَنِي سَرَدِي» Beg anı sərđi: Бег аны сүрді - Бек оны қуды.» «سُرَر - سُرَمَاكْ Surer-sürmek: Сүреп-сүрмек - Қуар-қумақ.» «عَرَّ بَتِكْ تَرَدِي» Er bitik tərđi: Ер бітік түрді - Адам хатты түрді (түріп орады)» дегендегі «تَرَدِي tərđi: түрді - түрді» етістігі жұмсақ дауыспен айтылатындықтан оның келер

шағы мен мәсары да «تَرَر - تَرَمَاكْ Tərer-tərmek: Түрүр-түрмек - Түреп-түрмек» болады. «اَلْ يَرْمَاقْ تَرَدِي» Ol jarmaq terđi: Ол иармақ терді - Ол ақша жиды.» «تَرَر - تَرَمَاكْ Terer-termek: Терер-термек - Жияр-жимақ.» Сол секілді, «اَتَّ سَرَدِي» At sərđi: Ат сүрді - Атты қуды» дегендегі «سَرَدِي sərđi: сүрді - қуды» сөзінің мәсары да жұмсақ. «سُرَر - سُرَمَاكْ Surer-sürmek: Сүреп-сүрмек - Қуар-қумақ.» Бұл мәсарлардың барлығы жұмсақ «ج — к» әрпімен жасалған.

Бұл қағида барлық етістіктерге түбір етістіктер баптарында да, туындаған етістіктер баптарында да барлығына бірдей қол-

данылады. Бұл қағидадан бір де бір етістік тыс қала алмайды. Мәсдарларда «ق — қ» әрпімен «ماقی» тақ: мақ», яки «د — к» әрпімен «مهك» тек: мек» болып қолданылады. Жоғарыда айтқанымыздай түбірінде «ق — қ», немесе «د — к» әріптерінің болуына қатты, не жұмсақ дыбысталуына байланысты. Түбір мәсдарлар хақында да осы ереже сай келеді.

Мәсдарлардың бұдан басқа тағы бір сипаты бар. Ол таза етістікке осы істеліп жатқан шақ мағынасын білдіретін қосымша қосу арқылы жасалады. Бұл сипатты мәсдар түрі есім сөздер табындағы сөздер секілді есім орнына қолданылады. Етістік түбіріне қатаң дыбыстыларына «қы/қи», «ғы/ғи» (демек «ق - қ» мен «ی - и/ы»; «غ - ғ» мен «ی - и» ), жұмсақ, ұяң дыбысталатындарына «ки/ги» (демек «د - к» мен «ی - и») қосымшаларын қосу арқылы жасалады. Түбірі бұйрық райлы болады.

Мәселен: «برغ بردی» Ol baғығ baғды: Ол барығ барды - Ол тіке (ештеңеге бұрылмай, тура) барды.»

Аның ыш қылығы belgylüg: Аның ыш қылығы белгүлүг -

Оның іс құлқы белгілі.» «سكَل تَنْغِي آرْتَق» Sökel тынығы артақ:

Сөкел тынығы артақ - Науқас тынысы нашар, жаман.» Бұл сөз

«ار النغ تندی» Er uluғ тынды: Ер үлүғ тынды - Адам баласы тынды;

Ер тыншыды» дегендегі «تندی» тынды: тынды» етістігінен

алынған. Сол сияқты «مَنْك يَرْقِم نَتَاك» Meniң joғықым neteg:

Менің иорықым нетег - Менің жүріс-тұрысым қандай?»; «سَنْك»

«يَرْقِمَنْك نَتَاك» Seniң joғықың neteg: Сенің иорықың нетег - Сенің

жүріс-тұрысың қандай?»; «أَنْك يَرْقِي نَتَاك» Аның joғықы neteg:

Аның иорықы нетег - Оның жүріс-тұрысы қандай?» деп те

айтылады. Бұл ретте, мәсдар «يَرْقِي» joғықы: иорықы» сөзі «بريدی»

жогыді: иорыди - жүрді» етістігінен анықтап, түсіндіру жолымен жасалған. Бұл етістіктің түбірінде «ق — к» әрпі жоқ. «ق — к» әрпі анықтау нәтижесінде қосылған. «غ — ғ» әрпі «ق — к» дыбысымен келетін мәсдарларға қосылады. Бұл орайда «غ — ғ» әрпі етістіктердің түбіріне, яғни өткен шақты білдіретін «دی dy/di - ды/ді» түсірілгеннен кейін қалатын бұйрық райға қосылып мәсдар жасалады. Ал, «ج — г» әрпі түбірінде «ق — к» дыбысы болмай, ұяң айтылатын сөздерге қосылады. Мәселен: «أَنْتَ بَرْمَانُ تَبْرِكِي كُورُ» Аның жармақ terigi көр: Аның иармақ терігі көр - Оның ақша жиғанын қара», «تاز كَلِكِي بُرْتَجِيكَا» Taz keligi borkshige: Таз келігі бөрікшіге - Таздың барар жері бөрікшінің дүкені. (Таз тазын жасыру үшін бөрік сатып алуға бөрікшінің дүкеніне барады),» - дегендер секілді. Бұл мақал өзі зәру нәрседен безген кісіге қаратып айтылады. Етістіктің түбірі «كَلَدِي keldi: келді». Мағынасы өзгертіліп, «ج — г» әрпі қосылып мәсдар жасалған. Бұл сипатты мәсдар осы мағынада келсе, «غ — ғ» әрпінің орнына «ق — к» әрпі қолданылмайды. Тек қана «غ — ғ» әрпінің тіркелуі мүмкін болмайтын жерде ғана «ق — к» әрпі келеді. Және де ол «ق — к» әрпі өткен шақ қосымшасы «د — д» мен «ی — и» әріптерінің арасына қосылып, сол жолмен қағидаға сәйкесе қосымшалы мәсдарға айналады. «ج — к» әрпі болса, жоғарыда айтылған жерлерде қолданылады. Мәселен, «أَنْتَ بَرْدَقِي» барды: барды» етістігінен мәсдар жасағанда, «بَرْمَانُ تَبْرِكِي» Аның barduқы barmaдуқы bir: Аның бардұқы бармадұқы бір - Оның барғаны бармағаны бір» дейді. «barduқы: бардұқы - барғаны», «barmaдуқы: бармадұқы - бармағаны» «barды: барды» етістігінен жасалған болымды, болымсыз мәсдарлар.

Сол секілді: «مَنْكُ تَرْدَقُمُ تَرْمَادُقُمُ بَيْرُ» Meniñ turduқum turmadu-

қим біг: Менің түрдүкүм түрмадүкүм бір - Менің тұрған тұрмағаным бір» дегендегі «turduk, turmaduk: түрдүк, түрмадүк» «توردي turdı: тұрды» етістігінен жасалған болымды, болымсыз мәсдарлар. Бұл реттерде «غ - ڧ» әрпінің қолданылуына мүмкіндік жоқ. Сондықтан да, «توردي turduқы: түрдүқы» дегеннің орнына «توردي turduғы: түрдүғы» деуге келмейді. Сондай-ақ, «بردم بَرْمَادِقْمِ Menің barduғum bargmaduғum: Менің бардүғүм бармадүғүм» деуге де болмайды. Бұл тұстарда «غ - ڧ» әрпі қолданылмайды. «ك - ڭ» әрпі қолданылатын мысалдар: «آنك كَلْدُكِي كَلْمَادُكِي بِيْر» Аның keldүki kelmedүki bir: Аның келдүкі келмедүкі бір - Оның келгені келмегені бір.» «سِنك كَرْمَدُكِنَكْ» Senің көрдүкүң көрмедүкүң bir: Сенің көрдүкүң көрмедүкүң бір - Сенің көргенің көрмегенің бір.»

Мен бұл сипатты мәсдарларды есімдер тарауында да, етістіктер тарауында да қайталап отырмаймын. Сондықтан, осы жердегі ережені жақсы ұғып алған адамға бұл түрдегі мәсдарларды айырып, түсіну қиынға соқпайды. Түбір және туындатылған етістіктердің сахих (түбірінде «lin: лин» әрпі болмаған), илеттік (түбірінде илет әріптері болмаған), мұзоаф (әріп қайталанған) сынды сөздердің бәріне бірдей осы ереже ортақ.

Бұл бөлімде бұйрық райы екі әріпті болып келеді. Сондықтан бұл бөлімді «екілік» екі әріптік деп атадық. «بَر bar: бар», «كَل kel: кел» дейді. Түбір етістік осы. Түріктердің көпшілігі түбірінде «ق - ڭ» әрпі бар, қатаң дыбысты бұйрық райлы етістік екінші жақтан айтылса, түбіріне «غ - ڧ», «ل - ل» («غَل ғыл: ғыл») қосып айтып, жазады. Егер, «غ - ڧ» әрпімен бітіп тұрса, «ق - ڭ», «ل - ل» («ل ق қыл: қыл») қосады. Түбірінде «ك - ڭ» болса, яғни жұмсақ,

уяң айтылатын сөздерге «ج - к», «ل - л» («كَلَّ kil/gil кіл/гіл») қосылады. Сойтіп, бұйрық райлы етістік екі әріптіден төрт әріптіге, үш әріптіден бес әріптіге, төрт әріптіден алты әріптіге айналады. Мысалы: «بَرَّغِلْ barğyl: барғыл - барғын», «تُرَّغِلْ turğyl: тұрғыл - тұрғын» деген секілді. Бұлар қатаң дыбысты болғандықтан «ғыл: ғыл» қосылғандар. Соңы «غ - ғ» әрпімен аяқталған сөздерде «қыл: қыл» қосылады. Мысалы: «تَاغَا أَغْقِلْ тағқа ағқыл: тағқа ағқыл - тауға шыққын», «سُوتْ سَعَقِلْ sūt saғқыл: сүт сағқыл - сүт сауғын.»

Түбірінде «ج — к» әрпі болған сөздерге «gil: гил» қосылады. Мысалы: «كِرْ كِلْ كِرْ كِلْ evge kirkil: евге кіркіл - үйге кіргін.» «يَرْمَاقْ jarmaқ tergil: иармақ тергіл - ақша жыйғын.» Бұл мысалдарда екі әріпті етістіктер төрт әріптіге айналған.

Үш әріпті етістіктерге мысал: «يُكْ كُتْرُ жүк kotүг: иүк котүр - жүк котер»; «تَامْ اَتْرُ tam otүг: там отүр - тамды тес» дегендегі «كُتْرُ kotүг: котүр», «اَتْرُ otүг: отүр» етістіктерден бұйрық райдың екінші жағындағы етістік туындатса, «كُتْرُ كُتْرُ kotүrgil: котүргіл - котергін», «اَتْرُ كُتْرُ otүrgil: отүргіл - тескін» - болып шығады. Етістік үш әріптіден бес әріптіге айналады.

Төрт әріпті етістіктерге мысал: «اَتْ سَفْرُ At suvғар: Ат сувғар - Ат суар»; «مَنِي اَذْغُرُ Meni озғур: Мені одзғур - Мені оят» деген етістіктерден сол сипатты бұйрық райлы етістік жасаса, «سَفْرُ غِلْ suvғарғыл: сувғарғыл - суарғын», «اَذْغُرُ غِلْ озғурғыл: одзғурғыл - оятқын» түрінде болады. Етістік төрт әріптіден алты әріптіге айналады.

Бұл түрдегі бұйрық райлы етістік тек екінші жақтан (тыңдаушыға) айтылғанда ғана қолданылады. Тыңдаушы екеу, не одан да көп болғанда, бұл сипат қолданылмайды.

Бұйрық райлы етістіктің екі, не одан да көп жаққа (адамға) қарата айтылатын түрі бір қағида негізінде қолданылады. Онда ерлер мен әйелдер\* тараптары ажыратылмайды. Мысалы, бір кісіге қарата айтқанда: «بَرّ» bar: бар» десе, екі кісіге қарата айтқанда: «بَرِّينَكِلَار اِكِيكُو» baғыңлағ ікігу: барыңлар ікігу - екеуің барыңдар» дейді. Көпке қарата айтқанда: «بَرِّينَكِلَار قَمْعُ» baғыңлағ қамуғ: барыңлар қамуғ - бәрің барыңдар» - дейді. Тыңдаушының жасы үлкен, не құрметті, қадірлі адам болса, түріктер оған (жалғыз адам болса да. А.Е.) арнайы көпшілікке айтқандай қолданады. Мәселен: «بَرّ» bar: бар» деудің орнына: «بَرِّانَك» baғың: барың» дейді. «لار/لەر» lar/ler - лар/лер» көптік жалғауын әдейі түсіріп қолданады. Түпкі мәні «барыңыз» демекші.

Оғыздар мен қыпшақтар бір адамға: «بَرّ» bar: бар», көпшілікке: «بَرِّانَك» baғың: барың - барың» дейді. Көптік жалғауын түсіріп (-лар/лер; -дар/дер) тастайды. Оның есесіне құрметтеп сыйлаушылықты білдірмекке әуелі ғұнналы (мұрын дыбысты) каф («ك» - н) әрпін, содан кейін «ز» - з» әрпін қосады. Яғни, оғыз тілінде бір адамға айтқанда көптік үстіне көптік қосылады.

Мына жырда былай деп келген:

أَقْلَبَ مَنِي قِيمَنِكْز  
أَبِ قِيمَنِكْز

\* Араб тілінде де, орыс тіліндегі секілді «муж. род», «жен. род» дегендер бар. Соған орай талдап отыр. А.Е.



اَقْرَ كَرُمُ اَشْرُ تَنْكُرُ  
تَنْكُرَا يُرَا قُشْ اُجَارُ

*Avlar meni qojtaңыз  
Ajyq ajыр qajtaңыз  
Aqar көзүт иш теңіз  
Tegre жүре қиш ишар:*

*Авлап мені қоймаңыз,  
Айық айып қаймаңыз,  
Ақар көзүм үш теңіз,  
Тегре үре қүш ұшар -*

*Аулап мені қоймаңыз,  
Айтып анттан қайтпаңыз,  
Көзімнен теңіз жас ағар,  
Айнала шулап құс ұшар.»*

(Сүйгеніне айтқаны: Мені аулап, бауыр басып алғаннан кейін қор қылып тастамаңыз, шеттетіп қоймаңыз; Айтқан уәде, антыңызды бұзбаңыз, сөзде тұрыңыз; Көзімнің ащы жасы теңіз суындай ағар; Оны айнала шуласып құстар ұшар.)

Бұл түрде (ғүнналы етістік) тек екінші жақта ғана қолданылады, ал бірінші жақта, не үшінші жақта қолданылмайды. Сонымен, ғүнналы көф («كف - н») тек бұйрық райдағы екінші жақта ғана қолданылады. «كَلِدْ نَكْ» keldiñ: бардың: бардың», «كَلِدْ نَكْ» keldiñ: келдің» дегенде, бұл бұйрық рай емес, тек істен, әрекеттен хабар беруші ғана. Өткен шақ түріндегі етістік «بَرْدَنْكْ» bardıñ: бардың: бардың» бітімі мен бұйрық райлы етістік «بَرْدَنْكْ» bardıñ: бардың» сөзінің бітімі бір-бірінен ажыратылады, айырмашылықтары анық. Бұл етістік түрлері өзара біріне-бірі ұқсамайтындықтан, екеуінің де аяғына ғүнналы «كف - н» дыбысын қосқаннан зиян келмейді.

Өткен шақты білдіретін қосымша «- ды/ді» бірінші, екінші, үшінші жақтардың барлығында «بردم: бардым», «بردنك: бардың», «بردی: барды» деген секілді (соңына ы/і қосылып) кесрәлі болып келеді. Осы сөздердің бәрінде де «د - д» әрпі кесрәмен берілген. «بردم: бардым» дегендегі «م - м» әрпі іс-әрекеттің бірінші жақтан істелгендігін білдіретін қосымша, «بردنك: бардың» дегендегі «ك - н» әрпі екінші жақты білдіретін қосымша, «بردی: барды» дегендегі «ی - ы» әрпі үшінші жақты білдіретін қосымша. Осылардың барлығында да «د - д» әрпі кесрәмен жазылған. «بردم: бардым» дегендегі «م - м» әрпі іс-әрекеттің бірінші жақтан істелгендігін білдіретін қосымша, «بردنك: бардың» дегендегі «ك - н» әрпі екінші жақты білдіретін қосымша, «بردی: барды» дегендегі «ی - ы» әрпі үшінші жақты білдіретін қосымша.

Түріктер екінші жақтан құрметтеп қадірлеп сөйлегенде: «بردنکیز: бардыңыз» дейді. Мұрыннан айтылатын көф (ك - н) әрпі мен «ز - з» әрпі негізінде көптік жалғауы болатын. Оғыздар мұны тек көптік жалғау ретінде қолданады. Мысалы: «بردنکیز: бардыңыздар.» Бәріңіз бардыңыз дегендегісі. Бұл жерде оғыздардың айтуы қағидаға сай болса да, сөздің көркем, келісті айтылып, әрі үлкен мен кішіні айырып білдіру үшін түріктердің қолданып жүргені қолайлырақ.

Жоғарыда айтқандай, «د - д» әрпі барлық жерде кесрәлік болады. Бүкіл түрік тілінде, әрбір бөлімдегі барлық етістіктердің бәріне бірдей осы ереже қолданылады.

Есімше (істеушіні білдіретін сөз) осы бапта және өзге баптардың барлығында білдіретін мән-мағынасына қарай бес түрге бөлінеді: етістіктерден жасалған сөздер барлық тайпаларда

бір сипатта болса, іс-әрекеттің істелуін, атқарылуын білдіретін сипаттағы түрі тайпалардың тілдерінде әртүрлі болып келеді. Әртүрлі сипатты болса да барша түріктер оларды бірдей айтады.

Әуелі, етістіктерден жасалған сипаттардың әртүрлілігі жөнінде. Мысалы, «بر دجی» *barda*шы: бардашы - барушы», «تُر دجی» *turda*шы: тұрдашы - тұрушы» - дегендерді алайық, бұл сипаттар өткен шақ етістігінен жасалған. Өткен шақ етістігінің қосымшасы «د - д» әрпі мен «ی - ы» әрпінің арасына «ج - ш/ч» әрпі қосылып барып жасалған. Оғыз, қыпшақ, йағма, оғрақ, суварлар мен рус еліне дейінгі бешенектер тілінде осылай қолданылады. Қағидаға сай. Өйткені, «بر دی» *barđı*: барды» етістігіндегі «د - д» әрпі өткен шақ етістігінің қосымшасы, «ی - ы/i» етістіктің үшінші жағын білдіретін әріп. Етістік екінші жақтан айтылатын болғанда, «ی - ы/i» әрпі түсіріліп, «بر دناک» *barđnāk*: бардң - бардың» болып шығады. Ал, егер бірінші жақтан айтылса, «بر دم» *barđm*: бардым» деп келеді де, мұнда да «ی - ы» әрпі түсіп қалады.

Демек, өткен шақты білдіретін «د - д» әрпі сақталып қалады. Үш жақтың қай-қайсысына да қатысты. Бұдан, «بر دجی» *barda*шы: бардашы - барушы» дегендегі «ج - ш» мен «ی - ы» әріптерінің сипат (есім) жасайтын қосымша екендіктері аңғарылады. Мұндағы «ی - ы» әрпі етістіктің өткен шағының үшінші жақтағы қосымшасы емес. Бұл жерде қатыстылықты, сипатты білдіретін қосымша болып тұр. Мысалы, «اتجی» *etjı*: етші - қасапшы», «اتمکجی» *etmekjı*: етмекші: етмекші - наубайханашы» деген секілді. Күллі түрік жұрты кәсіп иелерінің сипатын білдіретін есім жасағанда, есім сөздің соңына «جی - шы, -ші» қосымшаларын қосады. Мысалы, «تَر غجی» *tağıjı*: тарығ - тары» сөзінен «تَر غجی» *tağıjı*шы: тарығшы - тарышы», «آتک» *etük*: етүк - етік», сөзінен «اتکجی» *etükjı*

етүкші: етүкші - етікші» деген сөздердің туындатылғаны секілді.

Яғни, «بر دجی» bardaшы: бардашы - барушы», «تُر دجی» turdaшы: түрдашы - түрушы» сөздері етістіктен жасалған анықтаушы (есімдер), ал жоғарыдағылары есімдерден жасалған сипаттар (сын есім). «آتجی» etші: етші - қасапшы», «آتمکجی» etmekші: etmekші - наубайханашы» «تَرغجی» taғышы: тарығышы - тарышы, диқан», «آتکجی» etүкші: етүкші - етікші» деген секілді сипаттар.

Бұл қағида «ق - қ», «د - к» әріптері бар, яғни қатаң дыбысты сөздердің бәріне бірдей, өзгеріссіз қолданылады. Тек, Шігіл, Қашқар, Баласағұн, Арғу, Барсаған мен жоғары Шыңға дейінгі ұйғыр тілдерінде бұл мағынадағы етістіктен жасалған сөздер етістіктің бұйрық райынан жасалады. Түбірінде «ق - қ», «د - к» әрпі келген, яғни қатаң дауысталатын сөздерде етістіктің өткен шағын білдіретін «د - д» әрпінің орнына «غ - ғ» әрпі келеді, басқаларына жұмсақ «د - к, г» келеді де, «ج - ш/ч» мен «ی - ы/i» әріптері сол күйінде қалады. Бұлардың тілінде «بَر» bar: бар» деген бұйрық етістіктен «برغوجی» barғишы: барғушы - барушы» деген есімше; «تُر» tur: түр» деген бұйрық райлы етістіктен «تُرغوجی» turғишы: түрғушы - түрушы» деген есімше пайда болған.

Қатаң дыбысты сөздерде «جا قرغوجی» ja қиғишы: иа құрғушы - садақ құрушы; (жақ тартушы); «تَغار قَبغوجی» tavar қарғишы: табар қапғушы - мал алушы, ( мал ұрлаушы); «ات سَمغَرغوجی» at savғарғишы: ат сувғарғушы - ат суарушы», «مَنی اذغورجی» meni озғиғишы: мені одзғурғушы - мені оятушы» дегендерге ұқсас шығады.

Түбірінде «غ - ғ» әрпі бар екі әріпті сөздерде «غ - ғ» әрпі «ق - қ» әрпіне айналады: «تاغقا اغغوجی» taғқа ағқишы: тағқа ағқушы

- тауға шығушы», «قوی سفقوجی» koj saғқишы: қой сағқушы - қой сауушы» деген секілді. Бұл арада екі көмей дыбысын (غ - ғ) қатар айту қиын болғандықтан, сөйлегенде жеңіл айтылуы үшін екінші «غ - ғ» әрпі «ق - қ» әрпіне айналып кеткен. «غ - ғ» әрпімен аяқталатын бұйрық райлы етістікке де осы қағида келеді, яғни, «غ - ғ» әрпі «ق - қ» әрпіне айналады. Мәселен: «تاغقا اغقل» тағқа ағқыл: тағқа ағқыл - тауға шыққын», «سوت سفقل» syt saғ-қыл: сүт сағқыл - сүт сауғын» - деген секілді.

Түбірінде «ا - к» әрпі бар сөздерде етістіктің өткен шағын білдіретін «د - д» қосымшасының орнына ұяң «ا - г» қосылады. Мысалы: «ار ککوجی» kылгүші ег: күлгүші ер - күлуші адам», «ارکا کرکوجی» evge kirgүші: евге кіргүші - үйге кіруші.» Ұяң, жұмсақ дауысталатын сөздер де осыған ұқсас. Мысалы: «ارماق» یرмақ jармақ tergүші: иармақ тергүші - ақша жинаушы», «ات سرکوجی» at syrgүші: ат сүргүші - ат айдаушы» дегендегілер секілді. Осы ереже оғыздарға, сонымен қатар айтылған жоғарыдағы тайпа, ұлыстардың тілдеріне тән. Олардың сөздерінің тәртібін ілгеріде көрсеттім. Оғыздар мен аталған тайпалардың тілдеріндегі бұл сипаттар Шігіл түріктері мен өзге де түріктердің қолдануларына ұқсас, араларында ешқандай айырма жоқ. Мәселен: құдалардың арасындағы құда түсіп барып-келіп жүрген адамды оғыздар: «اريدجی» joғыдашы: иорыдашы» демейді, «ارغجی» jоғығшы: иорығшы» дейді. Диканды да, «اريدجی» тағыдашы: та-рыдашы» демей, бүкіл түрік тілдеріндегі секілді «ارغجی» тағығшы: тарығшы - тарышы» дейді. Бұл сипаттар бұйрық райлы етістіктен жасалғанда, бұйрық райдың соңғы әрпі сүкүндік болып келсе, оған бір дауысты дыбыс қосылады. Сөйтіп, «ارجی»

бағишы: барұшы - барушы», «<sup>»</sup>ترجي تيغيшы: түрүшы - түрушы» секілді болып жасалады.

Солайша «<sup>»</sup>bar: бар» бұйрық райлы етістікке қосымша қосылса соңғы әріп харакат белгісін алады да, бұйрық райлы реңінен айырылады. Сонымен, оның түбірлеріне «<sup>»</sup>ق - қ» әрпі келген қатаң дыбыстыларға «<sup>»</sup>غ - ғ» әрпі, ұяң дыбыстыларға «<sup>»</sup>ج - г» әрпі қосылады. Бұл сипат барлық тайпа, ұлыстарда айырып-бөлінбей қолданылған. Осындай түрдегі сипаттарда бұл мәнде қолдану үшін тек «<sup>»</sup>غ - ғ», «<sup>»</sup>ج - г» әріптерін қосқанда, бұл әріптер мұзоаф болып келген мәсдарларға қолдануға да қолайлы. Мәселен: «<sup>»</sup>آنك ترغي ننگ» Аның туғуы neteg: Аның түрүғы нетег - Оның тұрысы қандай?»; «<sup>»</sup>تاز کلكی بر کجیکا» Taz keligi бөкшіге: Таз келігі бөк-шіге - Таздың келетін жері бөрікшінің дүкені» деген сөйлемдердегі «<sup>»</sup>ترغي تيغيғы: түрүғы - тұрысы», «<sup>»</sup>کелүгі: келүгі - келетін жері» деген сөздер секілді.

Кейде етістік мәсдармен сипатталады:

«<sup>»</sup>رجل نائم» деген «<sup>»</sup>صائم رجل نوم» «<sup>»</sup>ورجل صوم» тіркестер секілді. Ұлы Төңірдің «<sup>»</sup>قل ارايتم ان اصبح ماوکم» «<sup>»</sup>غائرا» дегенді білдіреді. «<sup>»</sup>غورا» деген аятындағы «<sup>»</sup>غورا» сөзі:

Барлық бөлімдерде, түрік тайпалары арасында әртүрлі қолданылатын сипаттар осындай.

Екіншісі: іс-әрекет, қимылдың әлденеше қайталанғандығын, аяқталмағандығын білдіретін сипаттар. Бұл сипаттар барлық бөлімдерде, күллі түрік тайпаларында бірдей бұйрық райлы түрде көрінеді. Бұл сипаттың түзілімінде де қатаң дауысты «<sup>»</sup>ق - қ» әрпі келген түбірге «<sup>»</sup>غ - ғ», «<sup>»</sup>ج - к» әрпі келген сөз түбіріне «<sup>»</sup>ج - г» әріптері жалғасады. Сонда, көп қайтара қайталанған іс-әре-

кетті білдіретін сипат «barğan: барған» «بَرَّ: бар: бар» бұйрық райынан, «turğan: тұрған» «تُرَّ: tur: тұр» бұйрық райынан жасалады. Мысалы: «اَن اَر اَل اَفْكَا بَرَّغَانُ» Ol er ol evge bargan: Ол ер ол евге барған - Ол адам ол үйге барған (бараған, көп баратын. А.Е.)» «اَن اَر اَل ايش لار قا تَرَّغَانُ» Ol er ol ышларқа turğan: Ол ер ол ышларға тұрған - Ол ер ол істерге тұрған», «Ол адам дәйім іс үстінде тұрады» деген мағынада.

Жырда былай депті:

تَرَّغَانُ اُلُّغُ اَشَلَقَا  
 تَرْكِي اُرْبُ اَشَلَقَا  
 تَمَلُّغُ قَدَرُ قَشَلَقَا  
 قَدْتِي اَرِكُ اِمْدُرُو

*Turğan ulug ышлақа  
 Tergi urup aшлақа  
 Tuşlug қадыр қышлақа  
 Қозты erig imduru:*

*Тұрған ұлұғ ышлақа  
 Тергі ұрұп ашлақа  
 Тұмлұғ қадыр қышлақа  
 Қодзты еріг үмдүрү -*

*Тұратын ұлы істерге,  
 Дастархан жайып асына,  
 Қаһарлы суық қыстарда,  
 Қалдырды ерді үмітпен.»*

(Ұлы істерде тұратын, нық тұратын адам еді; Қатты көрлі қыста дастархан-мәзірін жайып, ауқат беретін еді; Ерді, адамдарды үміттендіріп, тастап кетті.)

Түбірінде «ك - к» әрпі келген сөздерге мысал алайық. «كُلِّمَ كُتُبًا ارَّ» Kūlgen er: Күлген ер» дегендегі «كُلِّمَ kūlgen: күлген» сипаты «كُلِّمَ kūl: күл» деген бұйрық райға «كُلِّمَ gen/ген» қосымшасы тіркеліп жасалған. Іс-әрекеттің әлденеше рет істелетіндігін білдіретін сипаттарда «كُلِّمَ - ғ», «كُلِّمَ - г» қолданылғанындай, істі істеушіні білдіретін сөздерде де «كُلِّمَ - ғ», «كُلِّمَ - г» қолданылады. «كُلِّمَ بِرَغْوَةٍ» baғwıшы: барғwшы - барушы», «كُلِّمَ كَلِّمُوهُ» kelgūші: келгūші - келуші» деген сөздер сияқты. Бұл арабшадағы «كُلِّمَ kūl: ал» фә'ал», «كُلِّمَ mif'al: миф'ал» сөздеріне ұқсайды. Ол істің, әрекеттің қайталанатындығын, аяқталмағандығын білдіру үшін «كُلِّمَ» секілді түрдегі сөзді қолданады.

Үшіншісі: бір іс-әрекет істелерден бұрын-ақ, оның атқарылмақшы екендігін білдіретін сипат. Бұл бұйрық\* райлы етістіктен жасалмайды. Түбірінде «ك - қ», не «ك - ғ» әріптері кездесетін әрі қатаң айтылатын сөздердің түбіріне «كُلِّمَ -ғсақ: -ғсақ» қосымшасы қосылады да, түбірінде «ك - л», «ك - г» әріптері келген, ұяң дыбысты сөздер түбіріне «كُلِّمَ -гсек: -гсек» қосымшасы қосылады.

Соңғы әрпі сүкүндік бұйрық сөз кесрәлік-ке түрлендіріледі. «كُلِّمَ baг: бар» деген бұйрық райлы етістіктен іс-әрекетті атқару, істемек ниетті білдіретін сөз жасағанда, «كُلِّمَ baғwıсақ: ба-рығсақ» болып шығады. (Қазіргі «бармақ, бармақшының» түп-төркіні. А.Е.) «كُلِّمَ اَلْ اَلْ اَلْ اَلْ aл Ol evge baғwıсақ ol: Ол евге

\* М. Қашқари бұл ретте бұйрық райлы етістіктің соңғы әрпі сүкүн болғанда, сол күйі емес, дыбыс қосылып, түрлендіріліп барып жасалады дегенді ескерткен тәрізді.



барығсақ ол - Ол үйге бармақ ол,»- дегендей. «تۇر مۇندا» Tur munda: Түр мұнда - Мында түр» деген тіркесте келген бұйрық райлы етістік «تۇر: түр» сөзінен осындай мағыналы сипат жасалса «اول مۇندا تۇرۇساқ ол: Ol munda turuḡsaq ol: Ол мұнда түрүғсақ ол - Ол осында тұрмақ ол» болып шығады.

Түбірінде «ا - к» әрпі келген сөздер: «اول بېرۇ كېلىساқ أردى» Ol beru keligsek erdi: Ол бері келігсек ерді - Ол бері келмек еді; Оның бері келгісі бар еді.» «اول اۆكۈ كىرىساқ ان» Ol evge kirigsek ol: Ол евге кірігсек ол - Ол үйге кірмек ол.» «اول تىقار تىرىساқ ان» Ol tavar terigsek ol: Ол табар терігсек ол - Ол мал жимақ ол.»

Бұл ережелерді есінде сақта.

Мұндай мағына, ұғым есімдерден жасалатын болғанда, кісіні сол сөздің өзімен мінездеуі мүмкін. «اول ار ان تىقارساق» Ol er ol tavarsaq: Ол ер ол табарсақ - Ол малсақ адам ол.» «بۇ اراغۇت اول عرساқ» Bu uraḡut ol ersek: Бұ ұрағұт ол ерсек - Бұл ерсек әйел ол.» (Яғни, «ерсек, еркек құмар» деген мағынада. А.Е.) Бұл ыңғайдағы есімдерде қосымшаның алдыңғы «غ - ғ», «ا - г» әріптері болмайды.

Төртіншісі: айтылған істі атқару, істемек істеуші кісінің міндеті екендігін білдіретін сөз. Бұл жерде істеуші бір іс-әрекетті жасауға уәде бергендігін аңғартатын мәндегі сипат десе де болады.

Бұл сын есімдер бұйрықтың соңғы әрпі «ق - қ», яки «غ - ғ» болып қатты дауысталатын сөздерде, соңғы әрпі әрі сүкүндік болса, «ق — غلۇق»; ұян, жұмсақ айтылатын сөздерге аталған қосымшадағы «غ - ғ» әрпінің орнына «ا - г», «ق - қ» әрпінің орнына «ا - к» қосылып жасалады. Бұйрық райлы

«<sup>بَارٍ</sup> bar: бар» етістігінен оның міндеті, хақы, парызы деген мағынаны білдіретін сөз жасамақшы болсақ, «<sup>بَارِغُلُوكُ</sup> barğuluk: барғұлук - барғылық» секілді туындайды. «<sup>اَلْاَلِ بَرِغْلُقِ اَرْدِي</sup> Ol barğuluk erdi: Ол барғұлук ерді - Ол барғылық еді.» Яғни, ол бару керек еді, ол баруға міндетті, тиісті еді дегені. «<sup>اَلْاَلِ مَنْدَا تُرْغَلُقِ اَرْدِي</sup> Ol munda turğuluk erdi: Ол мұнда түрғұлук ерді - Ол мұнда түрғұлук еді.» Демек, ол мұнда тұруға тиісті еді, ол мұнда тұруы керек еді дегенді білдіреді.

Оғыздардың біразы «<sup>ل</sup> — л» әрпінің орнына «<sup>س</sup> - с» әрпін қолданады: «<sup>اَلْاَلِ مَنْدَا بَرِغْسُقِ اَرْدِي</sup> Ol munda turuğsaқ erdi: Ол мұнда түрүғсақ\* ерді - Ол мұнда тұруға тиіс еді»; «<sup>اَلْاَلِ مَنْدَانِ بَرِغْسُقِ تَكُلْ</sup> Ol munda baғысaқ tegyl: Ол мұнда барығсақ тегүл - Ол мұнда барығсақ емес еді»; яғни, Ол мұнда баруға тиісті емес еді.»

Осындай үлгідегі сын есімдер екі әріптік етістіктен жасалса, алты әріптікке айналады. Төрт әріптік етістіктен жасалғанда, жеті әріптік болып шығады.

Хұда қаласа, олар өз реті келгенде айтылады.

Бесіншісі: бір іс-әрекетті істеу істейтін адамның көкейінде жүргендігін білдіретін сипат. Бұл істі атқаруға уәде бергендегі сипаттан гөрі жоғарыда айтқан сипатқа жақынырақ. Бұл сипат бұйрық түрінен жасалмайды. Бұл сипаттың түбірі «<sup>ی</sup> - и» әрпімен созылады да, қосымшасының бас әрпі барлық бөлімдерде сүкүнді болады.

Түбірінде «<sup>ق</sup> - қ» келген, иә қатты айтылатын сөздерде бұйрық бітімінен кейін «<sup>غ</sup> - ғ, <sup>ل</sup> - л, <sup>ی</sup> - ы — <sup>ی</sup> - і, <sup>ل</sup> - ғлы» қосылып, ал түбірінде «<sup>ك</sup> - к» әрпі болып, иә ұяң, жұмсақ айтылатын сөздерде «<sup>غ</sup> - ғ» әрпінің есесіне «<sup>ك</sup> - г» әрпі жүреді де, «<sup>ك</sup> - г, <sup>ل</sup> - л,

\* Жазба нұсқада «<sup>بَرِغْسُقِ</sup> барығсақ» деп жазылған. Жаңылыс түскен. Екі мысал бірдей болуы мүмкін емес. Б. Аталай редакциясы бойынша «түрүғсақ» деп алынды.

من سنكا برغلي من - i/и - كسلي rne қосылып барbm хасанау. «من سنكا برغلي من»  
 Men saaa barsrrlsr men: MeH cana барbIFJlbl MeH - MeH caran бар-  
**мақпын»; (MeH caran бармақшымын; баруды ойлап отырмын.)**  
 «ال مندنا ترغلي ال» munda tururlsr 01: **Ол мұнда** TurуFJlbl OJl -  
 OJl **мұнда** TypMaK,IIIbl OJl.» (OJl **мұнда** TypMaK,Tbl **ойлап жүр** nerea  
**мағынада.** A.E.). Ocstnapnarsr: «برغلي»: barsrrlsr: барbIFJlbl - бар-  
**мақшы»; {غلي} tururlsr: түрүғлы - TypMaK,IIIbl»** nerenaepre yK,cac  
**жасалады. Түбірінде «ا - ك» opni KCJlreH cesnia мысалы: «ال مندنا**  
**كلكلي» Mana keligli turur: Mana KCJlirJli Typyp - OJl MaraH**  
 KCJlrcJli TYP; OJl MaraH KCJlrcJli жатыр.» «ال منكا تفار بركلي ال»  
 01 maaa tavar berigli 01: OJl маңа rafiap бспirJli OJl - OJl MaraH  
 MaJl fieprerri хагup OJl; OJl MaraH MaJl берMcK ойда.»

Бұл CblH ecisutep **туынды мәсдарлардан** хасанansr. Моснар  
 60JlraHblMCH: «J - л» MeH «ى - и» opirrreri **қосылып** (لى - Jbl/Jli)  
 cnpарха amtananu. Тубip cesnи coasmaarst **сүкүнді** opirри үндi  
 opinnen харахarran C03Y apxsnsr, «غ - ғ», HC «ا - r» opinrepin  
**қосып туынды мәсдар** Ту3iJICTiHiH жоғарыда айтып eTKcHMiH.  
 Мысалы: «ال منكا تفار برغلي ال» **Аның** barursr kor: **Аның барығы** хор -  
**Оның** барFaHblH хер», «ال منكا تفار برغلي ال» **Аның**  
 хerри хер - **Оның** KCJlicH хер; **Оның** KeJlrcHиH хeps nerennepne-  
 ri «برغلي»: barsrru: **барығы», «كلكلي» keligi: xeniris сияқты. Жоғары-**  
 na attrxannaа, **туындатылған мәсдар** 60Jlca na, «لى - Jbl/Jli» қо-  
 CblMIIIaCbl ripxecirr canарха айналған. Барлық гypix ramrana-  
 psnrna буJl cexinai сипаттар барJlblFblHa бірдей қолданылады.  
 Onapnsnt apacsnuia айырмашылық жоқ. Ocsmaaa мәндегі си-  
 narrар барJlblK, eTicTikTCP.IIcH жоғарыда айтқан бcc гypри XOJIMcH  
**жасалады.**

Іс-әрекеттің атқарылғандығын білдіретін анықтауыш (исми мефул) түрі бойынша - бұйрықтың соңынан «м - м» әрпі мен «ж - ш» әрпі қосылып жасалады (مِش - мыш/-міш). Мәселен: «لِيا قُر» қиг: Иа қур - Садақты қур» деген сөйлемдегі «قُر қиг: қур» деген етістіктен істің істелгенін білдіретін сипат жасағанда, «قُر مِش يا» Қигмыш ја: Қурмыш иа - Құрулы садақ» болып шығады. «قُر قُر: Қур» бұйрығының соңына «مِش - мыш» қосылып туындатылған. «قُر مِش اَرَق» Қазмыш арық: Қазмыш арық - Қазылған арық» сөзі де сондай.

Сабақтас етістіктерге осы екі әріп «м - м» мен «ж - ш» қосылады. Түбір ешбір өзгеріссіз сақталады. Түбір сөздің соңғы әрпі сүкүндік күйінде қала береді. Салт етістіктердің өткен шақ түрінде кейде «مِش - тыш/тіш: -мыш/міш - мыс/міс» қосымшасы қосылып етістіктің тұйық түрі жасалады. Мәселен: «اَبْر مِش» Evge barмыш: Евге бармыш - Үйге барыпты. (Барған екен. А.Е.)» дегендер секілді. Бұл мысалдарда қолданылған «مِش - тыш/тіш: -мыш/міш - мыс/міс» қосымшасы «بَر دِي» barды: барды», «كَلَدِي» keldi: келді» деген етістіктердегі өткен шақты білдіретін «دِي - ды/ді» қосымшаларының орнына қолданылған. Бұлардың арасындағы айырма: өткен шақты білдіретін «دِي - ды/ді» қосымшасы айтушының іс-әрекетті өз көзімен көргендігінен, сол іс-әрекеттің куәсі болғандығынан хабар береді. «بَر دِي» barды: барды» сөзінің мәні бойынша: «ол барды, оның барғандығын, иә кеткендігін өз көзіммен көрдім» дегенді хабарлайды. «مِش - тыш/тіш: -мыш/міш, - мыс/міс» қосымшасы іс-әрекеттің айтушы болмаған уақытта, өткен шақта болғандығынан хабардар стеді. Айтушының өз көзімен көрмегендігін, аса анық еместігін аңғартып тұрады. «اَل بَر مِش» Ol barмыш: Ол бар-

мыш - Ол барыпты, мен оның барғанын көре алмадым», «ال كَلْمِش»

Ol kelmiş: Ол келmiş - Ол келіпті, мен оның келгендігін көре алмадым,»- деген тәрізді.

Салт етістік, сабақтас етістіктердің барлығына, барша өткен шақ етістіктеріне осы ереже ортақ. Еркек, әйел текті\*, түбірінде «ق - к» әрпі бар, иә қатаң айтылатын, түбірінде «ر - к» әрпі келген, иә жұмсақ айтылатын сөздердің барлығына бірдей еш айырмашылықсыз, осы ереже жүреді. «برمش» бармыш: бармыш», «كَلْمِش kelmiş: келmiş» сөздері есімдердің алдында анықтауыш болып келгенде сипатқа айналады.

«برمش كشي» бармыш кіші: бармыш кіші - барған\*\* кісі», «كَلْمِش ار» келmiş ер: келmiş ер - келген ер». Бұл арада: «بردی» барды: барды», «كَلْدِي» келді: келді» сөздеріндегідей «دی - ды/ді» қосымшасына орын жоқ.

Иағма, тоғса, шігіл, арғу, ұйғыр секілді Шынға дейін тіршілік ететін Түрік тайпаларының үлкен бір бөлігі етістіктің өткен шағын «دی - ды/ді» қосымшаларын қосып жасағанда ортақтасып, бірдей болып кетеді. Мәселен, бұлар өткен шақпен «بردی» барды: барды» деседі. Өйткені, бұл бұйрық райлы «بار» бар: бар» етістігіне «دی - ды-ды» қосылып жасалған.

Оғыз, қыпшақтардың кейбірі, суварлар олардан оқшаулау, бөлектенеді. Бұлар «ی - и» әрпінің орнына түбірде «ق - қ», не «غ - ғ» әріптері келген, қатаң дауысталатын сөздерге «ق - қ» әрпін, түбірінде «ر - к, ڭ» әріптері келген жұмсақ, уяң айтылатын сөздерге «ر - к» әрпін қосады. Бұл тілде көптік, бірлік түрлері бір-бірінен ажыратылмай, бір үлгіде келеді. Сөйтіп,

\* Муж. род., жен. род. А. Е.

\*\* Бұл ретте қазақ тіліндегі кәдімгі «бармақ», «келмек» мағыналары жөн бе деп ойлаймыз. А.Е.

«ق - к» әрпі бар сөздерде: «يا قُرْدُقُ ja kirduq: иа кұрдұқ - садақ кұрдық» - дейді; «Ол садақ кұрды» дегендегісі. Осы сияқты: «من يا قُرْدُقُ men ja kirduq: мен иа кұрдұқ - мен иа кұрдық» дейді; «Мен садақ кұрдым» дегендегісі. «بِز يا قُرْدُقُ Biz ja kirduq: біз иа кұрдұқ - Біз садақ кұрдық,»- дейді.

Түбірінде «غ - ғ» әрпі келген сөздерге мысал: «اَلْ سُوْتُ سَعْدِي Ol syt sağdy\*: Ол сүт сағды - Ол сүт сауды.» «اَلارْ تَاغْقا اَغْدُقُ Olar tağqa aғduq: Олар тағқа ағдұқ - Олар тауға шықтық»; «Олар тауға шықты» - дегені. Бірінші жақтан, көпше түрде болса, «بِز اَغْدُقُ biz aғduq: біз ағдұқ - біз шықтық,»- деп айтылады.

Қатаң айтылатын сөздерге мысал: «اَلْ اَنِي اَرْدُقُ Ol aны urduq: Ол аны үрдұқ - Ол оны үрдық; Ол оны үрды,»- дегені.

Қатаң айтылатын сөздерде «ى - ды» қосымшасының орнына «وُق - дүк» қолданылады. «مَنْ مِّنْدا تَرْدُقُ Men munda turduq: Мен мұнда түрдұқ - Мен мұнда түрдым.» Бұл да сондай.

Түбірінде «ك - к, г» әріптері келген сөздерге мысал: «اَلْ كَلْدُقُ Ol keldük: Ол келдүк» «Ол келді» дегені. «بِز كَلْدُقُ Biz keldük: Біз келдүк - Біз келдік.» «اَلارْ اَفْكا كِرْدُقُ Olar evge kirduq: Олар евге кірдүк», «Олар үйге кірді» демекші. Ұяң, жұмсақ айтылатын сөздерде де осы секілді: «مَنْ اَنَكَرْ تَغارْ بِيرْدُقُ Men аңар tavar berduq: Мен аңар табар бердүк - Мен оған мал бердік;» Яғни, мен оған мал бердім» - дегені. «مَنْ يَرْماقُ تِيرْدُقُ Men jar-

\*\* Баспа нұсқада да, жазба нұсқада да «سَعْدِي сағдү - сауды» деп жазылған. Б. Аталай айтылған ережеге сөйкес «سَعْدُقُ сағдүк» болу керек дейді. Солай қолданған. Түпнұсқадағы «سَعْدِي сауды» қазіргі ана тілімізге де үйлеседі. А.Е.

тақ terdyk : Мен иармақ тердүк - Мен ақша жыйдық»; «Мен ақша жидым»- дегені. Көріп отырғандай, бұл жерде көптік пен бірлік арасында айырма жоқ, ажыратылмайды.

Оғыздардың көпшілігі бірінші жақтан айтылатын өзге түріктердің «бардым: бардым» дегендегі «м - м» әрпінің есесіне, орнына «қ - қ», не «к - к» әрпін келтіріп, «бардық: бардық - бардық» дейді. Яғни, бірлік пен көптікті ежіктемейді. Тек, өткен шақтағы хабарлы етістігінің үшінші жағында басқа түріктермен бірдей. «барды: барды» дегенді «бардық: бардық», «келді: келді» дегенді «келдүк\*: келдүк» демейді.

Бұйрық райы барлық түрік тілдерінде бірдей, ортақ. Болымсыз етістікке «бармадым: бармадым», «келмедім: келмедім» дейді. Етістіктің бірінші жақтағы болымсыз түрі күллі түрік жұртында бірдей.

Үшінші жақтағы болымсыз етістік түрі: «бармадық: бармадық - бармады (бармапты, солай естідім, яки көрдім)», «келмедүк: келмедүк - келмеді (келмепті, соны білдім)» деген түрде болады. Бұл біз жоғарыда айтқан болымсыз етістіктің келер шағындағы қағидадағыдай. «бармыш: бармыш - бардымыс, барғанын көрмедім», «келміш: келміш - келдіміс, келгенін көрмедім.» Түбірінде «қ - қ» әрпі келетін, қатаң айтылатын, яки түбірінде «к - к» әрпі келетін, жұмсақ айтылатын болымсыз етістіктерге «қ - қ», не «к - к» қосылғанда, барлық етістіктерде сол мағына, сол қағида өзгермейді. Егер, әрекеттің болмағандығы (болымсыз етістік) нақ білдірілетін

\* Жазба нұсқада: «келді: келді». Б. Аталай, тағы басқа талдаушылар талданып отырған ережеге сәйкестендіріп, осылайша «түзетіп» қолданған.

болғанда: «*بَرْمَادِي* *barmađı*: бармады; (шынында) бармады», «*كَلْمَادِي* *kelmedi*: келмеді - (шынында) келмеді» секілді айтылады.

Оғыздар болымды етістік түріндегі түріктердің тілінде үшінші жақтан келетін «*ی* - и» мен бірінші жақтан келетін «*م* - м» орнына «*ق* - қ» мен «*ك* - к» әріптерін қолданып, «*بَرْدُق* *barduq*: бардүк - барды», «*كَلْدُكْ* *keldük*: келдүк - келді» дейді. Етістіктің болымсыз түрінде де осы әріптерді қолданып, «*بَرْمَادُق* *barmađuq*: бармадүк - бармады», «*كَلْمَادُكْ* *kelmedük*: келмедүк - келмеді» дейді. Бұл барлық етістіктер үшін ортақ қағида, ешбірі бұдан тыс қалмайды.

Мәсдар: Мәсдар тиянақтап, нақтылай түсу мәнісінде келсе, арабшадағы акси секілді етістіктің алдынан келеді. Мәселен: «*اَل بَرْمَاق بَرْدِي* *Ol barmaq bardı*: Ол бармақ барды», «*اَل كَلْمَاكْ كَلْدِي* *Ol kelmek keldi*: Ол келмек келді» (яғни, «Ол бармақ - барды»; «Ол келмек - келді») дегенде мәсдар етістіктің алдынан келген.

Етістіктің түрленуі мынадай болады: «*بَرْدِي* *bardı*: барды», «*بَارِي* *bağy*: барыр - барар, барад», «*بَرْمَاقْ* *barmaq*: бармақ - бармақ». Бұйрық райдың жекешесі «*بَرِي* *bar*: бар», көпшесі «*بَرِيْنَكْلَار* *bağyñlar*: барыңлар - барыңдар.»

Бұйрық етістіктің екінші жағында көпше түрде «*لار/لەر* *lar/ler* - лар/лер» қосымшасын қосу түріктердің бәріне тән қағида. Құрметтеп жалғыз адамға\* айтқанда мұрын дыбысын қолданып «*بَرِيْنَكْ* (барынк)» дейді. Мұның мағынасы «барыңдар» дегені.

\* Б. Аталай осы жерге «оғыздар» деген сөзді қосқан. Ол сөз түп нұсқада түсіп қалған деп санайды.



Айтқанымыздай түріктер мұны құрмет білдіру үшін қолданады.

Болымсыз етістік барлық тілде бір түрде болып, бұйрық райдың соңына «*ما* - *ma/me* - *ма/ме*» қосылып жасалады. Мысалы: «*بَرْمَا* *barma*: барма», «*تُرْمَا* *turma*: тұрма» дегендер секілді. Мұның көпшесі: «*بَرْمَانِكَ لَارْ* *barmanlar*: бармаңлар - бармандар»; «*تُرْمَانِكَ لَارْ* *turmanlar*: тұрмаңлар - тұрмандар» - секілді болады.

Бұйрық райлы етістіктің үшінші жақтағы болымсыз түрінде «*اَلْ بَرْمَاسُونْ* *Ol barmasun*: Ол бармасұн - Ол бармасын», «*كَلْمَاسُونْ* *kelmesun*: келмесұн - келмесін»-дейді. Үшінші жақтағы болымды түрі болса, «*بَرْسُونْ* *barsun*: барсұн - барсын», «*كَلْسُونْ* *kelsun*: келсұн - келсін»-дейді. Сонымен бірге, бұйрық етістіктің үшінші жағында күллі түрік тілдерінде бұйрық етістіктің екінші жағында «*ن* - *н*, «*و* - *у*, «*س* - *с*» әріптері мен «*سُونْ* - *sun/syn* - *сүн/сүн*» қосылып жасалады.

Бірінші жақтан «*بَرِيرْمَنْ* *barirman*: барырман - барармын» болады. Оғыздар сөз түбіріндегі: «*ر* - *р*» әрпін сақтап, келер шақты білдіретін екінші «*ر* - *р*» әрпін алып тастайды да: «*مَنْ بَرَنْ* *Men baran*: Мен баран - Мен барамын», «*مَنْ تَرَنْ* *Men turan*: Мен тұран - Мен тұрамын» дейді. Егер, түбір сөзде «*ر* - *р*» әрпі болмаса, ол сөзге келер шақ үшін «*ر* - *р*» әрпін қосады. Мысалы: «*مَنْ كَلِرَنْ* *Men keliren*: Мен келірен - Мен келермін», «*مَنْ كَلِرَانْ* *Men keliran*: Мен күлеран - Мен күлермін.» Өйткені, бұл сөздердің («*كَلْدِيْ* *keldi*: келді»; «*كُلْدِيْ* *kuldi*: күлді» сөздерінде), негізінде «*ر* - *р*» әрпі жоқ. Сондықтан да олар, «*مَنْ بَرِيرْمَنْ* *Men barirman*: Мен барыр мен - Мен барармын» деген сөзде етістіктен кейінгі «*م* - *м*» әрпінің орнына «*I* - өліпті» қойып, «*bararan*:

бараран» төрізді қолданады. «**مَنْ يَأْتِيَنَّ** Men ja қуғатмен: Мен иа құрармен - Мен садақ құрармын» дегеннің орнына «**مَنْ يَأْتِيَنَّ** Men ja қуғатпен: Мен иа құраран - Мен садақ құрамын» дейді. Түріктер (оғыздан өзге түріктер дегені болар. А. Е.) екі «р - р» әрпімен «**قَرَرَمَنْ** қуғатпен: құрармен - құрармын» дейді. Екі «р - р» әрпінің бірі түбірдегі бұрыннан бар әріп, екіншісі келер шақты білдіретін қосымша «р - р». Осы «р - р» әрпінен кейін «**مَنْ** мен: мен» сөзі тіркеледі. Түпкі қағида осы. Оғыздардың қолданған жолы қағидаға сай келмейді, бірақ сөйтсе де айтуға ыңғайлы, жеңіл. «**أَنْ بَرَمَاسْ** Ol barماس: Ол бармас» (бұл болымсыз етістіктің келер шақтағы үшінші жақтан айтылған түрі); «**مَنْ بَرَمَاسْ مَنْ** Men barماسмен: Мен бармасмен - Мен бармаспын» (болымсыз етістіктің келер шағы, бірінші жақтан айтылған). Бұл арада түрік тайпалары арасында айырма жоқ, бәрі бірдей.

Келер шақтағы болымсыз етістіктің бірін-ші және үшінші жақтағы бұйрық райдағы түріне «**مَاسْ** mas/ mes: мас/мес» жалғанып, одан кейін «**لَارْ** lar/ler: лар/лер» көптік жалғаулары қосылады. Мысалы: «**أَلَارْ بَرَمَاسْ لَارْ** Olar barماسlar: Олар бармаслар - Олар бармайды», «**بُولَارْ بَرَمَاسْ لَارْ** bular barماسlar: Бұлар бармаслар - Бұлар бармайды» деген секілді. Бірінші жақтағы көпше түрде: «**بِرْ بَرَمَاسْ مِزْ** Biz barماسмыз: Біз бармасмыз - Біз бармаймыз» деп айтылады.

Іс-әрекеттің келер шақта атқарылатынын білдіру үшін бұйрық райлы етістіктің соңына түбірінде «**ق - қ**» әрпі келген, қатаң айтылатын сөздерде «**غَايْ** faj: гай», басқа жағ-дайларда «**كَايْ** gaj: гай/гей» қосылады. Сол секілді, түбірінде «**غ - ғ**» әрпі келген сөздерге «**ق - қ**» әрпі де («**قَايْ** -қай: -қай) қосылады.

Мысалы: «**اَلْ يَٰ قُرْغَٰی**» Ol ja қırғай: Ол иа құрғай - Ол садақ құрады», «**اَلْ سُوْتٌ سَاغْغَٰی**» Ol sýt saғқай: Ол сүт сағқай - Ол сүт сауады.» Осы секілді, «**اَلْ أَكَا بَرْغَٰی**» Ol evge baғғай: Ол евге барғай - Ол үйге барады»; «**اَلْ مَٔنْكََا كَٔلْكََای**» Ol маңа kelgej: Ол маңа келгей - Ол маған келеді»; «**اَلْ يَرْمَاقُ تَیْرُ كَٰی**» Ol jarmaқ tergej: Ол иармақ тергей - Ол ақша жинайды» дейді. («Барғай, келгей» түріндегі бұл етістіктер қазіргі қазақ тіліндегі осындай тұлғалармен мағына жағынан толық үйлесіп те кетеді. А. Е.)

Келесі заман етістігінің жасалуы барлық тайпаларда, барлық етістіктер үшін бір сипатта болады.

